



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

турагентства, е-предложение услуг, е-бронирование и продажи, продвижение через Интернет, виртуальные туры, предпринимательские сети и сети туристского опыта).

Электронный туризм включает в себя систему поиска и бронирования туров. Технология online бронирования заключается в моментальном отображении реальной информации о наличии мест по текущим тарифам с возможностью немедленного подтверждения факта бронирования.

В будущем специалисты прогнозируют такие изменения в этом бизнесе, которые предполагают наличие прибыли и финансового успеха только при условии внедрения новых современных маршрутов и разработок. В настоящее время возрастает роль туризма как экономического явления, так как он, во-первых, имеет индустриальную форму, во-вторых, выступает в виде услуг, в-третьих, создает новые рабочие места, в-четвертых, выступает пионером хозяйственного освоения новых районов, в-пятых, является проводником в жизнь развития местной инфраструктуры и роста уровня жизни местного населения, в-шестых, быстро окупается и постоянно предлагает что-то кардинально новое

Именно использование новых технологий приносит большой эффект для деятельности предприятий туристической индустрии. На сегодняшний день эти технологии в основном заключаются в компьютеризации, глобализации и переход на электронику.

Список использованных источников:

1. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 года)
2. Дуйсен Г.М., Надыров Ш.М. «Туристская деятельность и инфраструктура туризма в Казахстане (региональный аспект) / В сб., посвященном 60-летию проф. Ердаuletова С.Р. – А.: Санат, 2014. – 188 с.
3. Ердаuletов С.Р. «Доходный бизнес - туризм» // Еженедельник «Бизнес-клуб» февраль 2015 г. №4 (53), - 50 с.
4. Ердаuletов С.Р. История туризма. Развитие и научное изучение. - Алматы, 2014. -215 с.
5. Немоляева М.Э., Ходорков Л.Ф. Международный туризм: вчера, сегодня, завтра. - Москва, 2014. - 176 с.

УКД 379.8

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТАҒЫ ТУРИЗМНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Нұрмағанбетқызы Нұрдана

nurdanan@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті

Туризм кафедрасының 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Б. Ахылбекова

Қазіргі уақытта бүкіл әлемді жайлаған жаһандану процесі кезінде көптеген мемлекеттерде шаруашылық жүйесінің жаңа түрлері пайда болуда. Оны өздігінше шаруашылықтың «сұранысқа ие», «заманауи» салалары деп бағалау қалыптасқан. Сол текті шаруашылық жүйелері әрбір мемлекеттің ұлттық қазыналы қорының, сонымен бірге экономикалық жүйесінің негізін құрайды. Мейлі ол ауыр өнеркәсіп немесе жеңіл индустрия саласы болсын, не болмаса жаһандану кезінде енді даму жолына түсіп келе жатқан «цифрлы технологиялар» болсын – барлығы дерлік мемлекеттің негізгі қорына түсетін кіріс көзінің бөлінбес жүйесі болып табылады. Кез келген мемлекет үшін дамыған яки алдыңғы қатарлы дамушы мемлекеттер қатарында болу үшін осы шаруашылық түрлерінің кем дегенде бір тармағы болуы тиісті. Осы орайда статистикалық мәліметтердің бір сарынына үңілетін

болсақ, ауыр өнеркәсіп экономикалық көрсеткішінің басым бөлігін құрайтын мемлекеттерге АҚШ, Ресей, Қытай, Германия, Украина секілді алдыңғы қатарлы елдер кіреді. Бұл елдерде ауыр индустрия «шаруашылығы, соның ішінде қара металлургия өнеркәсібі экономиканың басым орын алып отырған тармағы ретінде аталады. Ал осы қара металлургияның жыл сайынғы экономикалық көрсеткіші бұл мемлекеттерде орташа есеппен алғанда 73-90% аралығында өз тұрақты нәтижесін сақтап отыратын көрінеді. Бұл өз кезегінде аталмыш елдердің әлеуметтік-экономикалық ахуалының жоғары дәрежеде дамуына басты алғышарт іспеттес. Дегенмен жер қойнауынан алынатын пайдалы қазбаларға негізделген ауыр өнеркәсіп саласы ылғи да тиімді бола бермейді. Себебі, пайдалы қазбалардың қоры күндердің бір күнінде сарқылады. Егер осындай жағдай туындай қалатын болса, негізгі көріп отырған пайдасы ауыр өнеркәсіп болып табылатын мемлекеттер үшін қолайсыз жағдай туындайтыны анық. Мұндай жағдайда аталмыш мемлекеттердің сенімді әрі қосалқы шаруашылық көзі болғаны жөн. Тіпті болмасын, шаруашылықтың сарқылмайтын түрлерін дамытуды қолға алу да артық етпейді.[1]

Ал енді кейбір мемлекеттерде экономиканың басты назары жеңіл өнеркәсіпке бағытталады. Нақты мысал, Жапония, США, Қытай мен Үндістанда жеткілікті шикізат қоры мол болғандықтан, жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту үшін қажетті барлық шарттар жасалған. Осы елдердің экономикасындағы жеңіл өнеркәсіптің көрсеткіштік үлесі 64-80% шамасында және осы көрсеткішпен өздерін азық-түлік, киім өнімдерімен толықтай дерлік қамтамасыз етіп отыр. Жеңіл өнеркәсіп сарқылатын, бірақ қайта қалпына келетін ресурстарға байланысты өрбитін болғандықтан, өзін-өзі тез ақтайтын саланың бірі. Сонымен бірге, халық өмірінде оның атқаратын рөлі ерекше. Сонда осы қарастырып өткен екі түрлі шаруашылық түрі бір уақытта халықтың жеке сұранысын қамтамасыз ететін сала және экономиканың негізгі көрсеткішін құрайтын түпқазық қызметін атқарып отыр. [2]

Енді осы орайда, шаруашылықтың байырғы түрлерінен бөлек, қазіргі заманда кең сұранысқа ие болып отырған, шексіз пайдаланса сарқылу қаупі бар пайдалы қазбалармен де байланыспайтын, шикізаттың да аса мол қорын қажет етпейтін, жоғарыда атап өткендей, шаруашылықтың «заманауи» тармағының айқын мысалы, экономиканың түптамырлы салаларының бірі болып табылатын туризм саласы жайлы біршама әңгіме өрбітсек. Жаңа өз сөзімнің арасында айтып өткендей, сарқылмайтын көздерге негізделген, кез келген мемлекетті мемлекетішілік немесе халықаралық дағдарыс жағдайында да тығырықтан алып шыға алатын, «жаңа» салалардың айқын бір мысалы – туризм саласының шаруашылық заманауи жүйесіндегі орны ерекше сипатталады. Кез келген мемлекетті дағдарыс жағдайында да құлдыратпайтын сала деп айтып өткен сөзіме де негіз бар. Себебі жер бетіндегі мемлекет дәрежесіне жеткен кейбір мемлекеттердің экономикалық шаруашылық жүйесінде ауыр өнеркәсіп те, жеңіл индустрия да аса қатты дамымаған болса да, жалғыз туризм саласымен өзін-өзі толықтай дерлік қамтамасыз етіп отырған мемлекеттер сарыны бар. Көбіне мұндай елдер саяси тұрғыдан алып қарағанда, экономикалық дағдарыс жағдайына ұшырай қалған болса да, осы елдерді құлдырау жағдайынан алып шығатын сенімді көмекші сала - туризм болып табылмақ. Howmuch.net порталының ақпарына қарағанда, мұндай мемлекеттер қатарына Мальта, Хорватия, Таиланд, Ямайка, Исландия сынды аралдық мемлекеттер жататын көрінеді. Бұл елдерде туризмнің экономикадағы негізгі алатын үлесі 8 – 15%-ды құрайды, әрі шаруашылықтың ірі салаларынан гөрі туризм саласы біршама дамыған. Ал *PaySpace Magazine* журналы аталмыш мемлекеттердің экономикасын туризм саласына анағұрлым тәуелді деп қорытындылайды. Енді АҚШ, Қытай, Германия, Жапония, Ұлыбритания, Франция, Мексика, Италия, Испания, Бразилиясынды мемлекеттер туризм саласы бойынша көш бастап тұрған алпауыт мемлекеттер қатарына кіретіндігін де атап өткен жөн. Шаруашылықтың ауқымды түрлерін былай қойғанда, туризмнен түсетін жылдық түсімнің мөлшері 50 – 500 миллиард арасында тұрақтайтын бұл мемлекеттерге туристік саяхатпен келушілердің саны ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеде. Туристерді қызықтыратын бай табиғи ресурстары және оған мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың үйлесімділігі осы мемлекеттердің экономикасында туризмнің рөлінің күшеюіне

әсер етті. Осы орайда Master Card компаниясының өткен жылы туристерді қабылдау саны жөнінен рекордтық көрсеткішке жеткен қалалар рейтингі тізіміне де көз жүгіртіп өткеніміз дұрыс болар. Компанияның құрған рейтингіне сүйенсек, әлем бойынша Бангкок, Лондон, Париж қалалары туристер қабылдау жөнінен көш бастаған қалалар болып табылады. Онымен қоса, Дубай, Нью-Йорк, Стамбул, Токио, Куала-Лумпур секілді қалалар да аздаған көрсеткіш бойынша ғана айырмашылық жасайды. Осы ақпараттан ұғуға болатын негізгі ой – туризм қазіргі заманда ең көп сұранысқа, әлем деңгейінде аса танымалдылыққа ие болып отырған сала ретінде ерекше көзге түсетін экономиканың маңызды тармағы. Себебі жер бетінде қаншама халық бар және сол халықтың өзге жерлерге саяхаттауға жеке сұранысы болған жағдайда туризм еш уақытта да шеткері қалатын сала емес.[3]

Жоғарыдағы ақпаратта сөзіме арқау еткендей, жалғыз туризммен өз мемлекеттілігін нығайтып отырған елдер үшін туризм әр уақытта да басым көңіл бөлінетін, шаруашылықтың өзге салаларынан үстемірек тұратын сала ретінде өз мәнін жоғалтпасы анық. Ал келуші туристердің саны жөнінен көш бастап тұрған қалалар мемлекет қорына орасан зор пайда түсірумен қатар, халықаралық аренадағы өз рейтингін жоғарылатады. Бұл деген сөз туризмнің экономикадағы алатын орнының айшықтала түскендігінің белгісі. Демек, туризм саласы, ең алдымен, мемлекеттің экономикалық күш-қуатын арттыруға біршама көмегін тигізсе, екінші жағынан мемлекеттер арасында халықаралық интеграциялық байланыстың жандануына негізгі құрал ретінде аталады. Осы тұрғыдан туризмді халықаралық қатынастардың дамуына себепкер болатын маңызды профильді сала ретінде атап өте аламыз. Өйткені, туризм дамыған жерде елдер арасындағы туристер алмасуы дамиды, туристерге көрсету үшін салынатын көрікті де әсем жерлер көбейеді. Бұл өз кезегінде, туризмнің орны өзге салалармен салыстырғанда үстем болып тұрғанын дәлелдейді. Мейлі бір ел аумағында бір турист басқа елге белгілі бір мақсатпен сапар шеккісі келсе, сол саяхат туризм атты ауқымды саланың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Осы кішкене ғана саяхаттан бастап, барлық мәдени-танымдық, ойын-сауықтық, спорттық және өзге де ауқымды іс-шараларға дейінгі туристік индустрия қазіргі таңда бүкіл дүниежүзі бойынша ең маңызды, бағалы саланың бірегейіне айналды. Ал осы сөзімізге тиек етіп отырған туризм ұғымының шаруашылықта алатын орнын біршама мысал келтіру арқылы сараптап өттік. Бірақ көбіне туризм сөзінің мағынасына терең мән бере бермейміз. Алайда туризмнің кез келген мемлекеттің әлеуметтік потенциалының маңызды құрамбөлігі ретіндегі орнын айшықтай түсу үшін туризм сөзінің мағынасына терең бойлап алғанымыз жөн секілді.

Жалпы «туризм» сөзін естігенде біздің көз алдымызға тек қана қыдыру, әлемді шарлау, саяхат жасау сынды әрекеттер ғана елестейді. Жеке өзімнің байқағанымдай, көпшілік қауымнан «Туризм сөзін қалай түсінесіз?» деп сұрағанымда, барлығының дерлік беретін жауабы бір сарынды: «Туризм менің түсінігімде, шет елдерге шығу, басқа қалаға саяхат жасау немесе қыдыру». Ең кең түсініктердің өзі «турфирмада жұмыс жасау». Дегенмен, шын мәнісінде, туризм ұғымының мәніне кең талдау жасасақ, жоғарыда сөзімізге арқау еткен ауыр өнеркәсіп пен жеңіл өнеркәсіп құрылымымен салыстырғанда, туризм саласының функциялары мен экономикадағы рөлінің кем еместігін байқаймыз. Ең бірінші кезекте туризм атты әмбебап ұғымға анықтама беріп кетсем... Жалпы туризм ұғымына қаншама анықтамалар мен түсіндірмелер берілген. Дегенмен сол анықтамалардың ішіндегі ең кеңінен танымал әрі барлығына түсініктісі: туризм – жеке тұлғалардың уақытша болатын елде жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ кемінде бір күн түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты. Осы қарапайым ғана түсінікті анықтамадан туризм деген ұғымның өз тұрғылықты орнынан басқа жерге орын ауыстыру арқылы саяхаттау мағынасын беретінін түсіну оңай. Дегенмен, туризм деген ұғымның әмбебап түсінік екенін ескерсек, бұл сала өзіне көптеген тармақтарды қамтиды. Яғни, бір ғана туризм ұғымына өзге елдерге саяхатты ұйымдастыратын туристік агенттіктер мен фирмалар жұмысы, кез келген елдің туристік әлеуетін таныстыру мақсатында жұмыс істейтін гид-экскурсоводтар қызметі, рухани дамуды қамтамасыз ететін мұражайлар жұмысы, демалыс пен тамактануды ұйымдастыратын қонақ үй мен мейрамхана

ісін, салауатты өмір салтын ұстануға баулитын белсенді спорт түрлерімен айналысатын активті спортшылар қызметін біріктіруімізге болады. Сонда байқайтынымыз, туризм саласын дамытуға барынша көңіл бөліп отырған мемлекеттердің экономикасында қалай өсу пайда болатындығын ұғыну да қиын емес сияқты. Яғни, аталмыш мемлекеттер туризм атты ауқымды саланы дамыту арқылы, осы саланың компоненттері болып табылатын профильді түрлеріне жеке назар аудару көмегімен туризм индустриясы атты «көрінбейтін экспортты» мейлінше алға жылжытуға күш салып келеді. Себебі, туризм тек қана бір қызмет түрімен ғана шектеліп қалмайды. Бір ғана саланың дамуы, біріншіден, бірнеше кәсіпорындар жүйесінің қалыптасуына, екіншіден, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалының реттілігіне сеп болады. Сонымен бірге, осы кәсіпорындар жүйесінің көбеюі өз кезегінде бос жұмыс орындарының пайда болуына әкеледі. [4, 8б.]

Туризмді дамыту әлемнің көптеген елдерінде ертеректен бастап қолға алынып қойған болса, Қазақстанда неғұрлым жаңа сала ретінде ерекшеленеді. Себебі, әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердің озық тәжірибесіне сүйенгенде, туризмнің өзге салалармен салыстырғанда біршама тиімді екендігі белгілі болды деп айтсақ та қателеспейміз. Әрине туризмді дамытуға соңғы бірді-екілі жыл көлемінде ғана көңіл бөлінді деп айта алмаймыз. 1992 жылы 3 шілде күні Қазақстан Республикасының «Туризм туралы» заңы бекітілді. Сол уақыттан кейін 2001 жылы 6 наурызда Туризмді дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған болатын. Туризмнің біздің еліміз үшін тиімділігі мен артықшылықтары көрініс тапқан бұл тұжырымдамада туризм саласының әлем экономикасында алатын орнына талдау жасалып, біздің елімізге оны дамытудағы келетін артықшылықтар нақты жазылып өткен. Сонымен бірге, туризмнің сол кезеңдердегі жай-күйі мен оны дамытуда пайда болған қиындықтар және оларды жеңу жолдары, туризмнің алғашқы қадамды бастамалары ретінде шоп-туризм мен экскурсиялық туризмді, халықаралық авиажелілер мен транзиттік желілердің жұмыстарының нәтижелеріне кеңінен түсіндірме жасалған. Орналастыру құралдары ретінде еліміздегі көлік жүйесін дамыту және сапалы қонақүй жүйесін бір жолға келтіру, туризм кадрларын даярлайтын оқу орындарының санын көбейту жұмыстарының орындалу дәрежесіне баға беріліп, алдағы уақыттарға кең бағамды жоспар жасалып өткен. Ең маңызды артықшылық – Қазақстанда алғаш рет туристік кластерлер жүйесін құру мәселесі қозғалды. Тұжырымдама бойынша, Қазақстан барлығы 10 туристік кластер құруға болатын ең қолайлы аумақты алып жатыр. Тұжырымдама заң жүзінде бекітілгеннен кейін кластерлер жүйесін дамыту үшін атқарылатын жұмыстар рет бойынша бір жүйеге келе бастады. Толығырақ айтқанда, тұжырымдаманың пайда болуына сәйкес туризм саласына басым көңіл бөлуге алғышарттар қалыптаса бастады. 2001 жылы 13 маусымда ҚР «Туристік қызмет» туралы заңы қабылданып, мұнда туризмнің негізгі ұғымдарына анықтама беріліп, мемлекет тарапынан туризм саласы үшін орындалатын жұмыстар, Қазақстандағы туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар жайы, туристік қызметтерді мемлекеттік реттеу, жалпылай айтқанда туризм саласына қатысты барлық түсініктер мен орындалатын жұмыстардың біріктірілген жүйесі берілді. [5]

Қазақстан Республикасының заңнамалық жүйесінде туризмге байланысты осы заңдар мен концепциялар туризмді дамыту мен оны реттеу мәселелері кең көрініс тапқан. Соңғы жылдар тоғысында да туризм саласында жаңа бағыт пен жаңа бағдардың ұсталуына сәйкесоны дамытуға жанаша назар аударылып отыр десек қателескендігіміз емес. Рас, бізде туризм өз дәрежесінде, өз биігінде дамып келген жоқ. Алайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кезекті сарабал саясаты Қазақстандағы жаңа буын саланың биік дәрежеге көтерілуіне бағыттталып отыр. Оған орындалып жатқан жұмыстардың бір толқынын ғана атап өтсек те, еліміздегі туристік ресурстарды жаңаландыру, өндеуден өткізу, халықаралық авиалиниялар жүйесін жаңғырту, аймақтық-өлкетану жұмыстарын жүргізу, өлкелер бойынша экспедициялар, ең кем дегенде туризм кадрларының санын арттыру мақсатында соңғы жылдар көлемінде ЖОО-ларда туризм мамандығына бөлінетін грант санын арттыру секілді шараларды атап өте аламыз. Иә, орындалуға тиісті шаралар туризмді дамыту мақсатындағы стратегиялық міндеттер толықтай дерлік жазылып бекітілді. Енді оны жеткілікті деңгейде

орындап, шығар шыңына дейін жеткізу туризм саласындағы мамандардың алдына алған міндеті. Енді осы орайда туындайтын бір маңызды сұрақ – Қазақстандағы туризмді осы уақытқа дейін дамытуға не кедергі болды немесе қазір де не бөгет болып келе жатыр? Менімше, ол Қазақстанның туристік әлеуетінің өз ретімен игерілмеуімен түсіндіріледі. Жоғарыда айтып өткендей, Қазақстанда құруға жоспарланған туристік кластерлерге басым назар аударылып, сол кластерлер бойынша тұщымды жұмыстар жүргізілетін болса, туризмді өз шырқау шегінде дамытуға жол ашылатыныны сөзсіз. Бұл жерде ең басты құндылық – тапсырылған жұмысқа немқұрайлы қарамау. Арнайы кадрлар берілген міндеттер мен тапсырмаларды жауапкершілікпен атқаруы тиіс. Қазақстан туристік әлеуетке бай. Шығысымыздағы аспанмен таласқан Алтай, Тарбағатай заңғар таулары, батысымыздағы Орал таулары мен Каспий теңізінің маржан жағасы, солтүстігіміздегі Қазақстанның «екінші Швейцариясы» аталатын Көкшетау таулары, оңтүстігіміздегі шығыстағы таулардан кем түспейтін Тянь-Шань, Алатау таулары, шөбі шүйгін, қараса ұшы-қиырына көз жетпейтін орталығымыздағы Арқа даласы – бәрі-бәрі дерлік еліміздің туристік қуатының қайталанбас дәлелін құрайды. Тек осы туристік қуатты бәсеңдетпей, оның әлемдік туризм саласындағы алпауыт мемлекеттердің әлеуетімен қатарласуы үшін жан-жақты импровизациялау керек. Екіншіден, кез келген туристік объектілердің жаңғыртылуына сәйкес оның жанында туристік инфрақұрылымның жақсартылуы да айтарлықтай рөл атқарады. Ойымды дәлелдеу үшін, туризмді ең сапалы жоғары дәрежедегі мемлекеттерге қарайтын болсақ, туристік объектілерге ғана назар аударылмай, осы объектілерге жету немесе олардың маңындағы жол сапасын сапаландыруға да жоғары дәрежеде көңіл бөлінеді. Осы іспеттес, біздің еліміздегі әр бағыттағы туристік объектілердің жанында туристік инфраструктураның сапасының жақсартылу жұмыстарына аса мән беру қажет секілді. Өйткені, туризм аймағын дамыту бір бөлек, осы туристік аймақты келіп көру кезінде жоғары сапалы жету жолына басым назар аудару бір бөлек. Үшіншіден, бізде көбіне туризмнің көп профильді сала екендігіне көп көңіл бөліне бермейді. Көпшілік тұлғалардың туризм туралы пікірі негативті жағынан қалыптасқан. Бұл салада жұмыс жағынан тарлық, тіпті болған жағдайда да неғұрлым бәсекеге басым назар аударылады деген қате түсінік көбіне көпшілік арасында туризм саласына деген қызығушылықтың бәсең болуына алып келеді. Дегенмен, қазіргі уақытта Қазақстанда туризм саласына басым көңіл бөліне бастауына байланысты, туризм саласы біртіндеп танымал, заманауи бола бастады. Мұның бәрі Елбасымыздың туризм саласына байланысты ұстап отырған сарабдал саясатының нәтижесі деп білемін. Осы орайда туризмнің алға жылжуына кедергі болатын аталмыш қателіктерді жою бағытында кең жұмыстар атқарылып жатыр. Егер де осы алған бағыттан таймай, бай да сапалы табиғи ресурстарымыз бен байлықтарымызды орынды пайдаланып, оның сақталуын жүзеге асырып және әрі қарай да жоғары биікке шарықтауына барлық мүмкіндіктерді жасасақ, біз де туризм арқылы жалпақ әлемге танымал мемлекет атана аламыз. Қарап отырсақ, Қазақстанымыздың жері, аумағы, туристік ресурстары туризмнің кез келген түрін дамытуға мүмкіндік береді. Сөзімді түйіндей түсу үшін бірді-екілі мысал келтіре кетсем. Біздің елімізде туризм түрлерінің ең кем дегенде 65 – 70% -ын қолға алуға мүмкіншіліктер бар. Мысалы, жаңа айтып өткендей, шығыс пен оңтүстік-шығыс аумақта тау туризмін, батысымызда жағажай туризмін, орталық аумағымыздың төсіндегі Балқаш көлінде және солтүстік-шығыс бөліктегі Ертіс өзенінде круиздік туризмді, оңтүстік аумағымыздағы киелі орындарда діни туризмді ілгерілетуге себептер жоқ емес. Одан бөлек, аса ірі қалаларда ойын-сауық туризмін немесе шоп-туризмді, Астана, Алматы, Атырау сынды қалаларда кәсіби бизнеспен байланысты іскерлік туризмді, Көкшетаудың әсем табиғатында, Алматы өңірінің қасиетті мөлдір қайнар арасан суына бай өңірінде рекреациялық туризмді, дәл осы Алматыдағы тау бөктерлеріне жақын орналасқан ауыл маңдарында қазақ халқының ертеден бергі табиғатына жақын жайлау туризмі мен ат туризмін, табиғатына тіл жетпейтін көркем ауылдық елді мекендерде ауыл туризмін, ауыр өнеркәсіп тармақтары арқылы шетелдік индустриалды дамыған мемлекеттермен интеграциялық байланыста болып табылатын Қарағанды, Атырау, Ақтау өңірлерінде индустриалды туризмді, шығыстағы мөлдір сулы көлдер мен өзендерде

спорттық туризм, оның ішінде суда орындалатын экстремалды спорт түрлерімен байланысты рафтинг, каякинг, дайвинг сынды бірнеше түрлерін ілгерілетуге тереңірек көңіл бөлсек, нұр үстіне нұр болады деп сенемін. Қарап отырсақ, бір ғана Қазақстанда туризмнің қаншама түрін дамытуға мүмкіндіктер бар. Осы аталған туризм түрлерінің кейбір түрлерін дамытуға әлдеқашан көңіл бөлініп қойған болса, кейбір түрлеріне енді жағдай жасалып, оны дамыту үшін іс-шаралар қолға алынып жатыр. Әрине, өзге шаруашылық салаларымен салыстырғанда неғұрлым жаңа сала болғандықтан, бірден жоғары дәрежеге көтеріліп, осы сала Қазақстанның экономикасын әлемдік аренада ең биік шекке жеткізе алмайды. Дегенмен, біз туризм саласының Қазақстанда қадамын енді ғана басып келе жатқан жас сала екендігімен мақтануымыз керек. Себебі, оның даму болашағы әлі алда, оны дамыту жолында жиналатын тәжірибелер де алда. Дегенмен осылай айтқанның өзінде туризм бойынша Қазақстан әлемдегі мемлекеттердің екіден бірі қайталай алмайтын жетістіктерге жетті. Соның айқын бір мысалы ретінде, әлемдік кеңістікте туризм саласы бойынша халықаралық көлемде болып өткен, 2017 жылдың премьерасы ретінде ерекшеленетін, Қазақстан үшін артықшылығы мен берері көп болған, еліміздің жүрегі әрі ордасында болып өткен ЭКСПО – 2017 көрмесі. [6]

Аталмыш көрме Қазақстанның әлемдік туризм сферасындағы орнын айшықтайтын ұйытқы болғандай. Яғни, осы көрме арқылы әлемнің сан алуан мемлекеттері Қазақстанды таныды. Еуразия жүрегінде орналасқан, өзіне тән санғасырлық тарихы бар мемлекеттің қандай жетістікке жеткеніне куә болды. Бұл да болса, еліміздегі туризм саласында болып жатқан елеулі өзгерістердің бұлтартпас айғағы іспеттес. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, ЭКСПО көрмесі кезінде көрмегекелген адамдардың саны 3 млн. 967 000 адамды құраған. Сонымен бірге, әлемнің 115 елі мен 22 халықаралық ұйымынан келген қонақтар көрмені тамашалады. Менің пайымдауымша, Қазақстанның туризмге айрықша көңіл бөлетін мемлекет екендігін осы сандар статистикасының өзі дәлелдейді. Көрме арқылы Қазақстанды күллі әлем мемлекеттері таныды, осылайша Қазақстан туризм саласындағы өзінің алдына қойған мақсаты мен бағытын айқындады. Бұның өзі туризмнің бізде жаңадан енді ғана қарқын алып келе жатқан сала болса да, өз дамуын дұрыс бағытта бастап келе жатқандығының айқын көрінісі деп есептеймін. [7]

Менің елестетуімде, Қазақстандағы туризмнің болашағы жарқын, келешегі кемел. Егер мемлекет тарапынан туризмге көрсетілетін қолдау осы қалпын сақтап, не болмаса әлі де болса сол қалпынан көбейе түсетін болса, туризмнің әлі де болса, биік дәрежеге көтерілері сөзсіз. Өзге дамыған немесе алдыңғы қатарлы дамушы мемлекеттермен туризм саласы бойынша тереземіз тең дәрежеде болып қалыптасуымыз үшін, туризмге әлі де көбірек назар аударуымыз керек. Сонда ғана туризм саласы бізде байырғыдан қалыптасқан металлургия, ауылшаруашылығы сынды өнеркәсіп индустриясымен бірдей дәрежеде дамиды деп сенемін. Біздей болашақта туризм саласының мамандары болып шығатын жастар өз мамандықтарын жетік меңгерсе, тілдер меңгеру дәрежесі жағынан өзге елдің жастарымен еркін бәсекелестікке түсе алатындай дәрежеде білім алса, болашақта да туризм саласында орындалатын жұмыстар сапалы болады деп нық сеніммен айта аламын. Не дегенмен, сапалы кадрлардың көбеюі – туризм саласындағы сапалы орындалатын жұмыстың нақты айғағы болып шығары анық. Әлемдік кеңістіктегі туризм мен Қазақстандағы туризмнің қатарласып дамуы үшін болашақ туризм мамандары бірлесіп жұмыс жасаса, туризмді дамытуға жасалынатын жұмыс та өнімді болады. Әрбір тәжірибеден алынған білім болашақта да әр саланы дамытуда үлкен сабақ болатыны секілді, туризм саласындағы жеткен әрбір жетістігіміз бен кеткен кемшіліктер алдағы уақытта да үлкен табыстарға жетудің бастамасы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://geographyofrussia.com/chernaya-metallurgiya-mira/>
2. <https://geographyofrussia.com/legkaya-promyshlennost-mira/>
3. <https://psm7.com/articles/kakie-strany-bolshe-vsego-zarabatyvayut-na-turizme.html>

4. Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 172б.
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211>
6. <https://www.advantour.com/rus/kazakhstan/attractions.htm>
7. http://www.inform.kz/ru/itogi-ekspo-2017-predstavili-v-mezhdunarodnom-byuro-vystavok_a3072543

УДК 379.85

ВЕЛОТУРИЗМДЫДАМУДА КҮН ЭНЕРГИЯСЫН ҚОЛДАНУ «ROAD TO LIGHT»

**Ошакбаева Нурбала Бауыржановна
Ергалиева Рабига Сагынғалиевна**

Krg.10@mail.ru

Халықаралық Бизнес Университетінің Бизнес және Менеджмент кафедрасы, «Туризм»
мамандығының 3-ші курс студенттері, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Сайдуллаев

Кіріспе

Қазіргі таңда туризм индустриясы - ең тез дамитын экономикалық сектордың ажырамас бөлігі болып табылады. Туризм индустриясы өзге де шаруашылық сектормен қосылып бір-бірін толықтырады. Атап айтқанда, тамақтану, орналастыру, ойын-сауықтыру, мәдени-танымдық және көлік-коммуникациялық секторлармен біріге отырып туристік өнімді құрайды, сәйкесінше, халыққа туристік өнімді дайындайды.

Қазақстанның географиялық орналасуы және табиғатының алуантүрлілігі еліміздегі туризмнің дамуына үлкен мүмкіншіліктер береді. Соған қарамастан, инфрақұрылым, жарнама және жоғары деңгейдегі мамандардың аздығы секілді ішкі және сырты орталардың әсерінен туризм деңгейі қатты қуанарлық жағдайда емес. Осы атаулы мәселелерді негізге ала отырып, туристік бизнестің даму жолдарының проблемасын шешу ретінде, әрі күн энергиясын пайдалану негізінде халықтың таза ауада, кешкі табиғатта серуендеуіне, сонымен қатар велотуризмді дамытуға мүмкіндік жасайтын Road to light жоба.

Жалпы, Road to light – күн энергиясын алу арқылы түнде туристер мен велошабандоздар жүретін жолдағы жарық.

Бұл жобаның мақсаты:

- Велотуризмді дамыту;
- Тау туризмін дамыту;
- Велошабандоздарды жол апатынан сақтау;
- Баламалы күн қуатын қолдану;
- Шетелдік велошабандоздарды елге тарту;
- Туристердің жол жүру қатынасын жеңілдету;
- Туристердің түнде жолды оңай табуы;
- Заман талабына сай елдегі туризмді дамыту;

Бұл жоба велотуризммен түнгі уақытта айналысатындар үшін таптырмас мүмкіндік болып табылады. Сонымен қатар, ешқандай электр қуатын көмегінсіз, күн энергиясын қолдану арқылы Велоспортшыларға қолайлы жағдай туғызумен қатар, жол сапасын арттыру болып табылады.

Идеясы: Қазіргі таңда велоспортшылардың үздіксіз спортпен айналысуын қамтамасыз ететін, және де баламалы күн қуатын қолдана отырып, осындай жоба жасау идеясы келді.